



ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ ЖАТАҚХАНА СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

ЖЕР СІЛКІНІСІ ТУРАЛЫ ҚОЛДАНБА

Жер сілкінісі қауіп төндіретінін түсіну үшін «Lastquake» атты қолданбаны жүктеп алыңыз. Қолданбаны пайдалана отырып, сіз өзіңіздің аймағыңызда болған барлық жер сілкіністерін көре аласыз. Жер сілкінісінің ошағы Алматыдан 100-150 шақырым жерде болса және күші 7-7,5 болса, алаңдамаңыз.

ДАБЫЛ ДОРБАСЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Сізге кішігірім дорба, кішкентай чемодан немесе сөмке қажет болады. Аталмыш затыңыз мықты, әрі су өткізбейтін болғаны абзал, бұл ішіндегі заттарды сақтап қалуға кепілдік береді. Эвакуация болған жағдайда осы дабыл дорбасын қолыңызда ұстап жүресіз, сондықтан ол барынша шағын және тым ауыр болмағаны дұрыс.

ДАБЫЛ ДОРБАСЫНА НЕ САЛУ КЕРЕК?

Алматы қ. ТЖ департаменті келесілерді жинап қоюға кеңес береді:

1. **Құжаттар.** Жеке куәлігіңіз немесе туу туралы куәлігіңіздің көшірмесін дайындап қойыңыз. Оған қоса сізге жүргізуші куәлігі, неке қию туралы куәлік пен песпортыңыз қажет болуы мүмкін. Барлық көшірмелерді ламинаттан өткізіп, нотариалды түрде рәсімдеген жөн.
2. **Ақша.** Дорбаға қолма-қол ақша мен қосымша банк картасын салып қойыңыз.
3. **Су.** Бір адамға кем дегенде екі литр су қажет. Ыдыс ретінде пластиктен жасалған бөтелкені қолданған дұрыс.
4. **Тағамдар.** Жинаған тағамдарыңыз жоғары калорийден тұратын, герметикалық түрде қапталған және сақталу мерзімі ұзақ болу қажет. Тәтті батончиктер мен консервілер өте жақсы таңдау.
5. **Жеке күтім құралдары:** кішкентай сабын бөлігі, әжетхана қағазы, сулы майлықтар, антисептикалық гель.
6. **Жылы киімдер мен жамылғы.** Синтетикалық матадан жасалған жамылғы алған ең дұрыс шешім, себебі олар жеңіл, әрі аз орын алады.
7. **Сіріңке.** Су өтпейтін сіріңке түрін алған абзал.
8. **Радиоқабылдағыш.** Ұялы байланыс жоқ болған жағдайда құтқарушылармен байланысқа шығу үшін қажет болуы мүмкін.
9. **Батареялы қалта шамы.** Электр қуатын өшірген жағдайда қажет болады.
10. **Қосалқы батареикалар.**

11. Портативті қуаттау құрылғысы

12. Ысқырық. Құтқарушыларға белгі беру үшін қажет.

13. Дәрі-дәрмек қобдишасы.

Бұл аман қалу үшін ең керекті заттар жинағы. Оған сағат, арқан немесе жіп, пышақ, қасық, қосымша іш киім мен тігін құралдарын қосуға болады.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОБДИШАСЫНДА САҚТАЙТЫН ЗАТТАР

Дәрі-дәрмек қобдишасы – дабыл дорбасының ең маңызды компоненті. Оның құрамына не кіретінін қарастырайық:

- Ауырғанды басатын дәрі (мысалы, анальгин немесе өзіңіз қолданатын басқа дәрі)
- Дене қызуын басатын дәрі (парацетамол немесе құрамында парацетамол бар дәрі)
- Ішек инфекциясына қарсы дәрілер (энтерол, лапирамид немесе өзіңіз қолданатын дәрі).
- Аллергияға қарсы дәрмектер (супрастин, тавегил, фенистил).
- Антисептиктер: сутек пероксиді, спирт, хлорексидин.
- Байлау (таңу) жабдықтары: бинт, жапсырмалар, мақта.
- Қан тоқтататын бұрау (жгут).
- Кең спектрлі антибиотиктер (амоксиклав).

Егер сізде немесе жақындарыңызда созылмалы ауруларыңыз болса, оларға қарсы дәрілеріңізді қобдишаға міндетті түрде салыңыз.

САҚТАУ ОРНЫ

Жинаған заттарыңызды кіреберіске немесе төсегіңізге жақын жерде сақтаған жөн.

Егер ТЖ департаменті мүмкін апат жағдайы туралы хабарлаған болса, оған немқұрайлы қарамаңыз. Дабыл дорбасын тексеру кезі келді. Әсіресе тағамдар мен дәрі дәрмектердің жарамдылық мерзімін тексеруді жіберіп алмау қажет.

ЖЕР СІЛКІНІСІ БАРЫСЫНДАҒЫ ӨРЕКЕТТЕР (ЖАТАҚХАНА СТАРОСТАЛАРЫ)

Ғимараттың шайқалуын, шамдардың қозғалуын, заттардың құлауын, дыбысы артып келе жатқан дабылды естігенде және сынған шыны даусын естігенде үрейге бой бермеңіз.

1-ші немесе жертөле қабаты:

1. Жатақхананың 1-ші немесе жертөле қабатында болсаңыз, одан тездетіп шығыңыз. Жылдам, әрі сақ болыңыз.

Құлап жатқан заттардан, үзілген сымдар мен басқа қауіптерден абай болыңыз.

2. Ғимараттан алыс, ашық жерге барыңыз.

Есте сақтаңыз: қауіпсіз жерге бару үшін 10-20 секундның ғана бар.

2-ші және басқа қабаттар:

1. Ғимаратта қалыңыз, түрлі шыны сынықтарынан сақтау үшін аяқ киіміңізді киіңіз, бөлме есігі мен секция есігін ашып қойыңыз, себебі жер сілкінісінен олар қисайып немесе жабылып қалуы мүмкін.
3. Бөлмедегі ең қауіпсіз орынға барыңыз: терезеден алыс, төсек артындағы еден, есікке жақын жер. Басыңыз бен мойныңызды жастық немсе жамылғымен жабыңыз.
4. Егер коридорда болсаңыз, арнайы «Қолшатыр» бейнеленген белгі жанындағы қауіпсіз орынға өтіңіз.
5. Қозғалыстар тоқтағаннан кейін староста нұсқаулықтарына сәйкес ғимараттан шығыңыз. Негізгі сілкіністен кейін бірінші әфтершок 20 секундтан кейін қайталанатындығын естен шығармаңыз. Кейінгі әфтершоктар одан да кеш болады. Ғимараттан бірінші әфтершоктан кейін дереу шығу қажет.
6. Жатақханадан эвакуациялау тек баспалдақтармен жүзеге асырылады.
7. Эвакуация кезінде лифтіні қолдануға қатаң тыйым салынады.
8. Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып эвакуацияны жылдам, үрейсіз жүргізу тиіс.
9. Далаға шыққаннан кейін апат жағдайында жиналатын орынға барыңыз. Апат жағдайындағы қауіпсіз орын - Жаңа академиялық ғимаратқа қарсы орналасқан алаң. Сабыр сақтап, жаныңыздағыларды да сабыр сақтауға шақырыңыз!
10. Ең жақын эвакуациялық пункт Қазақ ұлттық аграрлық ғылыми-зерттеу университетінде орналасқан. Эвакуациялық пункт қызметкерлері сізге тағамдар, медициналық және психологиялық көмекті қамтамасыз етеді.